

25 қазан 2018ж

Ана тілі

## Өзге елдердің тәжірибесін ескерейік

Өткен жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа Жолдауын жариялады. Бұл жолдау бұрынғы жолдаулардан өзгеше сарында қабылданды. Себебі мұнда қазақ ұлтының тағдырына, болашақта оның Мәңгілік ел болып қалуына қатысты тағдыршешті, тарихи үндеу тасталды. Ол – 2025 жылға дейін қазақ жазуын латыннегізді жаңа ұлттық әліпбиге көшіру. Бұл оқиға қоғамда үлкен резонанс туғызды. Латыннегізді жаңа ұлттық қазақ әліпбиі – рухани жаңғырудың бір әрі бірегей белгісінің бірі, қазақ ұлтының келбетін, болмысын танытатын ерекше бояулы нақыш, ұлттық әлпет, бренд.

Бұл шешімді жалпы қазақ қоғамы қолдап, дереу үн қата бастады. Алайда ол «ұр да жық», «шаш ал десе, бас алатын» науқаншылықты, асығыстықты қаламайтын үдеріс болуы тиіс. Келіп түскен мыңдаған әліпби жобаларын жақсылап електен өткізіп, талқылап, ішінен дыбыстарды дәл таңбалауға ыңғайлы, көзкөрімге әсерлі көрінетін үздік жобаны таңдау – қиынның қиыны және онда біреудің атақ-лауазымына, беделіне артықшылық беретін науқан емес. Мұнда латын әліпбиге ілгері жылдары көшкен түркінегізді елдер тәжірибесі де зерттелуде.

Өткеннен еш сабақ алмаған халқымыз бұл үдерісте де асығыстыққа, науқаншылыққа бой ұрды. Жетілдірілген, соңғы шешімі жарияланған әліпби нұсқасы қабылданбай жатып, алғашқы екі нұсқа бойынша жазу етек алды. Түсінікті айтсақ, көшедегі баннерлер, маңдайшадағы жарнамалар, мекеме, кәсіпорын, тіпті аудан, қала, ауыл, көше атаулары әлі жетілдірілмеген әліпбиде жазыла бастады. «Осы әліпбиде еңбектер жазып, оқулықтар, оқу құралдарын, сөздіктер шығаруды бастайық» деушілер де табылды. Қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында бұл үлкен шығынды қажет етері рас. Онда әліпби әр ауысқан сайын атауларды өзгерту қажет болады.

Менің ойымша, алдымен әліпбидің ақырғы нұсқасын қолдану туралы соңғы жарлық шығуы қажет. Алдымен әліпбиді дұрыстап алған жөн. Өйткені нашар әліпбиден жақсы емле ережелері жасалынбайды. Одан кейін оны халыққа таныстыру, оқыту, үйрету жұмыстарының ауқымды көлемде жүргізілуі, сапалы жетілдірілуі іске асады, асықпай, жан-жақты ойластырылған, жіті зерттелген емле ережелері жарық көреді. Соның негізінде жаңа латын графикасында жазылған еңбектер өмірге жол тартуы

ықтимал. Бірте-бірте оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер жариялана бастайды, сөйтіп, жаңа жазуға көшу кезең-кезеңімен әрі бірнеше жыл кирилл әліпбиімен қатарлас жүре береді. Латыннегізді қазақ ұлттық әліпбиіне көшу барысында ономастикалық атауларды, терминдерді латынша транскрипциялау мен транслитерациялау, олардың орфограммасын жасау жұмыстары да мұқият жүргізілгені абзал.

Алғаш халық назарына ұсынылып бекітілген екі әліпбидің бірін «диграф (қосәріпті) әліпби, екіншісін «апастрофты (әріптен кейінгі үтір, дәйекше) әліпби» деп атап алдық. Бұл екі жобаның да өрескел кемшіліктері көзге ұрып тұрды. Бұларда «бір дыбысқа – бір әріп» қағидасы сақталмады, дыбыстар дәл таңбаланбады, жазуда ыңғайсыздық туды және тіпті бір қараған адамға әріптер көзкөрімге оғаштау көрінгені де белгілі. Одан кейін 2018 жылғы 19 ақпанда тағы да жаңа әліпби нұсқасы бекітілді. Енді мұны «ақутты (ноқатты) әліпби» деп атай бастадық.

Жаңа әліпбиде кейбір дыбыстар ақут диакритикасымен белгіленген. Әлем елдері тәжірибесінде диакритика әдетте дыбыстардың жуан-жіңішкелігін, екпін түсуін, ызың және жұмсақ (палаталь) дабыстарды белгілеуде, сөз жігін ажыратуда қолданылатыны белгілі. Біз де дыбыстарды бірыңғай ақут белгісімен таңбалағанша, әртүрлі дәйекшелермен жазғанымыз жөн болар еді. Ал енді апостроф дәйекше емес, диакритика – дәйекше, яғни жалпы атау. Диакритика дегеніміз – әріп үстіне, астына қойылатын әр түрлі белгілер, ноқаттар. Диакритиканың бірнеше түрі, атаулары бар. Олар: әріпасты *седиль* және *бревис* диакритикасы /Ŷŷ/, әріптүсті *карон* диакритикасы /Ǿǿ/, дауыстылардың жіңішке жұптарын таңбалайтын әріпүсті *умлаут* диакритикасы /ä/, дауыстының ұзақтығын, созылыңғы жұптарын білдіретін *макрон* (Ā), ызың дауыссыздарға (*ч, ж, ш*) қойылатын *гачек* (Č) диакритикасы, дыбыстың жұмсақтығын да (палатализация) білдіретін *седиль* (Ŋ) диакритикасы және дауыстының жуан сынарын белгілеуде *циркумфлекс* (Ū) диакритикалық таңбасы, т.б. Мұның бәрі, сайып келгенде, А.Байтұрсыновтың бір ғана «дәйекше» сөзімен астасып жатыр.

Бұл белгілер жайында белгілі фонетист-ғалым Ә. Жүнісбеков былай дейді: «Біздің жерден жеті қоян тапқандай болып «апостроф» деп әріптің бір шекесін шертіп сәндеп, «диакритика» деп әріп төбесіне сызықша қойып шендеп, *О* әріпінің белінен тартып *ө* жасап мәндеп, *ae*-ні қосақтап *ә* деп егіздеп жүргеніміздің бәрі – Ахаңнан қалған үлгі. Ендеше, қазіргі жоба авторлары алып отырған жуан-жіңішкелік белгілер (әртүрлі нұсқасына қарамай) – сол А. Байтұрсынұлы салған саражол. Арабы таңбалар негізінде туындаған дәйекше дауыстылардың жуан-жіңішке таңбасына таңылып, кирилшеге көшті. Енді, міне, кирилшеден «апостроф, қос нүкте, сызықша,

қосақ әріп болып», мың құбылып, латынша жобаларда жүр. Қалай құбылса да бәрінің мазмұны, яғни емле қызметі – сол бір дәйекше». Әлімхан ағамыз өзінің сан жылдарғы еңбегі нәтижесінде, ықшамдалған 28 әріптен тұратын, бас-аяғы тап-тұйнақтай, ыңғайлы латыннегізді қазақ әліпбиін ұсынған еді. Өкінішке орай, неге екенін қайдам, бұл жоба ескерусіз қалды.

Әріптердің қосымша белгілері жайлы тағы бір танымал фонетист-ғалым З.М. Базарбаева: «Қазақ тілінде үнемдеп жазуды алғаш рет ұсынған қазақ тіл білімінің қабырғасын қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы еді. Сингармонизм заңы бойынша, қазақ сөздер я бірыңғай жуан, я бірыңғай жіңішке айтылатыны белгілі. Сөздерді бірыңғай айту үшін ғалым олардың алдына «дәйекше» деген таңбаны (белгіні) қолданған. Қазақ әліпбиін үнемдеу жайында қазақ филологиясының алғашқы профессоры Құдайберген Жұбанов та жазған. 1935 жылы ғалым қазақ әліпбиін орфографиясын өзгерту жайында жоба ұсынған болатын, жазуды үнемдеу мақсатында дауыстылар мен дауыссыздарды азайтып, бірнеше фонеманы бір әріппен таңбалауды көздеген. Әр тілдің әліпбиі дыбыстарды шартты түрде таңбалайды. Оның жетіспеушіліктері мен кемшіліктері орфографиялық қағидалармен өтеледі. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасағанда фонологиялық және орфографиялық заңдылықтарды да ескеру қажет» дегенді айтады.

Жаңа әліпбидегі әріптердің таңбалануы мынадай: Аа (а), Á á (ә), В в (б), V v (в), G g (г), Ğ ğ (ғ), D d (д), E e (е), J j (ж) Z z (з), I ı (и, й), K k (к), Q q (қ), L l (л), M m (м), N n (н), Ń ń (ң), O o (о), Ó ó (ө), Pp (п), R r (р), S s (с), T t (т), Ý ú (у), U u (ұ), Ú ú (ү), F f (ф), H h (h, x), Ch / ch (ч), Sh / sh (ш), Y y (ы), I i (і).

Әліпбиде *й* (*и*) дыбысы *I ı*, *ы* дыбысы *Y y* таңбасымен беріліпті. Бұларды, керісінше, яғни *й(и)*-ді *Y y* таңбасымен, *ы*-ны нүктесіз *I ı* таңбасымен беру дұрыс болатын шығар. Тіпті екі и-ді (*й*, *и*) бір таңбамен белгілеуге болмайды, оның бірі - дауысты, ал екіншісі - дауыссыз. Ал *у* дыбысы ақутты *Ý ú* таңбасымен берілген. Бұл еш қисынға келмейді. Олай болса, *у*-ды әлем тәжірибесіне сүйене отырып, *Ww* таңбасымен берген жақсы болар еді. Сонда айта-айта жағымыз талған, жұртшылыққа түсіндіре алмаған *ми*, *ки*, *су*, *ту* сөздерін айтылымы бойынша *миу* (*мый*), *киу* (*кий*), *сиу* (*сұу*), *тиу* (*тұу*) деп қатесіз жаза, айта алар едік. Сондай-ақ *ие*, *қиыр* тәрізді сөздерді *іуе* (*і-уе*), *қиуір* (*қи-уір*) түрінде дұрыс буынға бөліп тасымалдауға болады. Бұлай таңбалау туыстас түркі тілдерінде бар. Айтпағым: *и*, *й* дыбысын *I ı*, *ы* дыбысын *Y y*, *у*-ды *Ý ú* ретінде таңбалау еш қисынға келмейді, жазуда ыңғайсыздық тудырады және бір қарағанда көзкөрімге де оғаш көрінеді.

Сондай-ақ *h* мен *x* дыбыстарында бір ғана *h* таңбасымен беріліпті. Бұл өте дұрыс деп білемін. Біріншіден, егер қалдырғымыз келсе, фарингал (тамақ) *h*-ны сақтап қаламыз, екіншіден кірме дыбыс *x*-дан арыламыз. Енді *x*-дан басталатын сөздер *h* арқылы жазылатын болады. Мысалы: *habar* (хабар), *hat* (хат), *halık* (халық) және т.б. Алайда бұл сөздер айтқанда қазақтың *қ* әріпі арқылы айтылатыны (*қабар*, *қат*, *қалық*) тағы бар. Онда мұндай сөздерді

әліпбидегі *q* әріпі арқылы жазған дұрыс. Ол *qabar*, *qat*, *qalıq* түрінде көрініс табады.

Әліпбиде *sh* дыбысына *sh*, *ch* дыбысына *ch* таңбалары беріліпті. Менің ойымша, бұл екі дыбысқа бір таңба (*sh* немесе *ch*) берген жөн болар еді. *shar*, *shek* сөздерінің бірін *шар*, екіншісін *чек* деп оқи алатынымыз кәміл. Ал әліпбиде мұнымен қоса *x*, *h* дыбыстарын белгілейтін *h*, *s* дыбысын белгілейтін *s* таңбасы барын ескерсек, бұл дыбыстар сөзде қатар келгенде оларды тану, түсіну қиындығы туады. Мысалы: *ashana* (*асхана ма, жоқ ашана ма*), *Ashat* (*Асхат па, жоқ Ашат па*) және т.б. Сондықтан *sh*, *ch*, *s* және *x*, *h* дыбыстарының таңбаларын да реттеу қажет.

Акут әліпбиде кірме *я*, *ю*, *ё*, *щ*, *ц* дифтонгтер (қосар дыбыс) енгізілмеген. Бұл дұрыс та. Кейбіреулер «енді кірме сөздерді қалай таңбалаймыз» дегенді айтып қалады. Бұларды жазғанда жеке-жеке әріптермен таңбалауға болады. Меніңше, *я* әрпі *ya*, *ю* әрпі *yw*, *ё* әрпі *yo* болып таңбаланады. Мысалы: *quya* (*қия*), *ayw* (*аю*), *shyotka* (*щётка*). Ал *щ* әрпі *sh* таңбасымен белгіленеді. Сонда үш әріп (*ш, ч, щ*) бір ғана *sh* не *ch* болып жазылады.

Тіпті болмаса, *sh* (*щ, ч*) дыбысын бір ғана *Ş ş* таңбасымен білгілеуге болатын шығар. Бұлай белгілеу жалпы әлем тәжірибесінде және фонетист-ғалым Ә. Жүнісбек ұсынған әліпби жобасында да бар. Бұл тұрғыда белгілесек, дыбыстарды шатастыру орын алмас еді. Бір жағынан, *sh* дыбысы дыбысталуда *s* дыбысымен жуықтау келеді. Сонда *s* дыбысы *S s* таңбасымен беріледі де *sh* (*щ, ч*) дыбысы бір ғана *Ş ş* таңбасымен беріледі. Екеуінің дыбысталуы да, таңбалануы да жақын болады, айырмашылығы ш-ға дәйекше қойылады. Соңғы кезде осындай ұсыныстар жиі айтыла бастады. Ал енді «әліпбиіміз акутты әліпби ғой» дегенге келсек, онда *sh* (*щ, ч*)-ны жазуда әріптің жоғарғы жағына акут дәйекшесін қойып (*Š š* (*ш, щ, ч*)) жазайық.

Ал *ц* кірме әріпін *s* (*с*) арқылы таңбалай береміз. Онда бұрынғы *цемент*, *цирк* тәрізді біршама сөздер тіліміздің фонетикалық ерекшелігіне бейімделіп, *sement* (*семент*), *tsyrtk* (*сыйрык*) болып жазылады. Несі бар, қазір оғаштау көрінгенмен жүре-жүре үйренеміз, сөздерді тілімізге ыңғайлап алуды меңгереміз. Ал егер бұл қосарлы дыбысты жеке белгілейік десек, оған *ts* (*тс*) қосарлы таңба береміз. Ол жағдайда *цемент*, *цирк* сөздеріміз, тиісінше *tsement* (*тсемент*), *tsyrtk* (*тсыйрык*) болып жазылады. Әрине бұлай жазу қате саналады, өйткені қазақ тілінде екі дауыссыз қатар жазылмайды. Сол алғашқы нұсқа қисынға келеді.

Егер кірме әріптерді жаңа ұлттық әліпбиден алып тастаймыз десек, онда бұл әрекет барлық кірме дыбыстарға қатысты болуы тиіс еді. Алайда акут әліпбиде *v*, *ф*, *x*, *ч*, тәрізді кірме дыбыстар берілген. Соңғы кездері осы әріптерді де әліпбиден аластатуды жақтаушылар көбейіп келеді. Онда бұрынғы *вагон*, *фабрика чемпион*, *хабар* тәрізді сөздер, тиісінше *багон*, *пабрика*, *шемпион*, *қабар* түрінде дыбысталатын әрі жазылатын болады.

Енді өзім түзету ұсынған әліпби бойынша бір-екі сөйлем жазып көрейін. *Men Almatı qalasında turamın. Almatı – elimizdiñ mádeny astanası. Ol – ásem qala.* Көріп отырғанымыздай, таңбалар жазуда еш ынғайсыздық, көзкөрімге олқылық туғызып тұрған жоқ. Бейне бір бұрыннан солай жазып жүргеніміз сияқты, барлық әріп өз орнында тұрғандай сезінесіз.

Біреулер «мына әріп таңбасы қарақалпақта бар, ана әріп өзбекте бар, ал мынау әзірбайжан мен түрікте бар, олай болмайды, біздің әліпби басқалардан ерекше, теңдессіз болу керек» деп байбалам салады. Дұрыс та шығар. Алайда жаңа әліпби жасауда әлем елдерінің, түркітектес елдердің озық үлгілерін пайдаланғанның еш оғаттығы жоқ дегенді айтқым келеді.

Қорыта айтқанда, әлі де кейбір әріптердің таңбаларын өзгертіп, оларды жетілдіріп, тек содан кейін ғана тап-тұйнақтай емле ережелерін жазып шығуға болатынын байқап жүрміз. Бұл істе асығыстыққа, науқаншылдыққа жол берудің еш қажеті жоқ. Әріптердің артық-кемшілігі оларды қолданғанда (жазғанда, оқығанда) белгілі болатын тәрізді. Алда әлі қыруар жұмыстар жүргізілуі тиіс. Оның ішінде компьютер пернатақтасына төл дыбыстарымызды беретін таңбаларды орналастыру мәселесі де бар.

Қысқасы, жаңа ақутты әліпби төрт аяғынан тең басқан, теңдессіз, мінсіз жоба деп бағалауға әлі ерте тәрізді. Ақыры ақутты әліпби қабылдаған екенбіз, кейін өкінбестей оны жетілдіріп, талқылап, ұсыныстар жасап отыру қажет. Бұл әліпбиді ширата түсу үшін келелі пікір, салиқалы ой, сындарлы ұсыныстар айту, қалың жұртшылықтың, зиялы қауымның, әсіресе тілші ғалымдардың азаматтық, ғалымдық парызы деп білемін. Өйткені әліпби астарында елдің көкейкесті арман-мақсаты, кемел келешігі тарих таразысына түсіп тұр.

А. Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері  
Шүленбаев Н.Қ.

